

Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтерінен шығатын және шетелге жіберілетін архивтік анықтамаларға, архивтік құжаттардың көшірмелеріне немесе архивтік үзінділерге апостиль қою

Мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Қызметті алушылар	жеке және заңды тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ 2) Министрліктің аумақтық бөлімшелері, оқу орындары
Қызметті көрсету мерзімдері	1) Мемлекеттік корпорация бөлімшелері үшін-3 (үш) жұмыс күні; 2) пошта жөнелтілімдерін ескере отырып, 10 (он) жұмыс күні (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді); 3) порталда-3 (үш) жұмыс күні.
Қызмет құны	0,5 АЕК
Құжаттар тізбесі	Мемлекеттік корпорацияға: 1) стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған өтініш; 2) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын жеке-құжат тұлға үшін (сәйкестендіру үшін), заңды тұлға үшін – құрылтай құжатының көшірмесі; 3) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 12 наурыздағы № 62 <u>бұйрығымен</u> бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18392 болып тіркелген, Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану кезінде ресімделетін (жасалатын) құжаттар нысандарына (бұдан әрі - Нысандар) 50-қосымшаға сәйкес нысандағы сұратылған құжаттардың сақтандыру көшірмелерінің бар болуы туралы мемлекеттік архивтің анықтамасы,немесе апостиль мөртабанын қою қажет нысандарға 51-қосымшаға сәйкес нысан бойынша архивтік құжаттың көшірмесі немесе архивтік үзінді; 4) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжат. портал арқылы: 1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ)

куәландырылған электрондық құжат нысанындағы немесе бір рет қолданылатын парольді енгізу арқылы сұрау салу;
2) нысандарға 50-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сұратылған құжаттардың сақтандыру көшірмелерінің болуы туралы Мемлекеттік архив анықтамасының электрондық архив анықтамасы немесе электрондық көшірмесі немесе 51-қосымшаға сәйкес архивтік үзіндінің электрондық көшірмесі;
3) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда).

Қызмет көрсету нәтижесі

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтерінен шығатын және шетелге жіберілетін архивтік анықтамаларда, архивтік құжаттардың көшірмелерінде немесе архивтік үзінділерде апостиль мөртабасы, не мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020790>